


Әдебиеттік оқу

2 “а” сынып

Психологиялық ахуал


Бір, екі, үш,
Сынып іші тып-тыныш.
Жалқаулықты тастаймыз.
Сабақты біз бастаймыз.



Үй тапсырмасы



Асқар Тоқмағамбетов
«Құлақ пен Тымақ»



Сұрақ-жауап.

-Балалар, мысалдан өзімізге қандай үлгі алдық?

-Қыста құлақ тонбас үшін нені ұмытпай кию керек?

-Балалар, қысқы киімдерді ауырмай, денсаулығымыз мықты болу үшін киеміз. Деніміз сау болу үшін тағы не істейміз?



ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ.



1. Табаныма байладым,
Қос таяқпен айдадым.

ШАҒҒЫ

2. Зулап түсіп төменге,
Шықпас менсіз төбеге.

ШАНА

3. Табаныма тақтым,
Жалпан қақтым,
Зырлап бақтым.

КОНЬКИ

-- Жұмбақтың шешуі болған заттар қыста
не үшін керек?



Бейнежазба

«Қысқы спорт түрлері»

(www.youtube.com сайтынан)



Сұрақ-жауап:



1.Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не деп ойлайсыңдар?

2.Қандай ойын түрлерін білесіңдер?

3.Балалар, неге біз қыста шана ,шаңғы тебеміз, аққала жасаймыз? Теледидар көріп, компьютер ойнап, жылы үйде отыра бермейміз бе?



Мағынаны ажырату.



Бердібек Соқпақбаев
(1924-1992 жж. туған,
Алматы облысы, Нарынқол
ауданы, Қостобе ауылы) —
қазақ жазушысы. Балаларға
арналған көптеген әңгімелер
жазған. Солардың бірі
«Менің атым Қожа»,
«Балалық шаққа саяхат» ,
«Шынықсын денеміз».

Бейнежазба

"Сиқырлы кітаптар"

Бердібек Сокпақбаев
"Шынықсын денеміз"

(www.youtube.com сайтынан)



«Шынықсын денеміз»

**Жүріңдер, балалар,
Сырғанақ тебеміз.
Құрыспай, құрыштай
Шынықсын денеміз.**

**Жаксылап байқашы
Аяғың тоңбай ма?
Жел үріп, қар кіріп,
Қоншыңа толмай ма?**

**Таяққа бау тағып,
Шаңғыны майлап ал.
Биялай, малақай-
Бәрін де сайлап ал.**

**Желменен жарысып,
Сырғанақ тебеміз.
Желменен жарысып,
Шынықсын денеміз.**



Желтоқсанның жиырма бірі

Бердібек Соқпақбаев Шынықсын денеміз

1. Биалай – қолға киетін жылы қолғап.

2. Малақай – қысқы бас киім.



Көзге жаттығу

(www.youtube.com сайтынан)



Өлеңнің мазмұны бойынша сұрақ-жауап:



1. Өлеңде қай жыл мезгілінің ойындары туралы айтылған?
2. Қыс мезгілі туралы айтылып тұрғанын өлеңнің қай жолынан білдің?
3. Өлең неше шумақтан құралған?
4. Қыста ойналатын ойындарды атайық.
5. Қыс несімен қызықты?



Сергіту сәті

«Аққаламен жаттығу»
(www.youtube.com сайтынан)




Ой толғау

-Сабақта не үйрендік? - Не білдік?

1.Спорт түрлерін атаңдар.

2.Денсаулық, спорт туралы қандай мақал-мәтел білеміз?

3.Қазақтың атын шығарған спортшы чемпиондар.



Бейнежазба

«Чемпиондар әні»

(www.youtube.com сайтынан)

Үй тапсырмасы. **Өлеңді жаттап ал.**